



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25.10.2021 № 662

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысын бекіту туралы

«Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2021 жылғы 1 қазандағы № 04-11/3382-И ұсынымының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысы ұсынылған редакцияда бекітілсін.
2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында жарғыны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын.
3. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Б. Тәшенов



001245



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25.10.2021 № 662

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Об утверждении устава Республиканского государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства экологии,
геологии и природных ресурсов Республики Казахстан**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года
«О государственном имуществе» и на основании представления Министерства
экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан
от 1 октября 2021 года № 04-11/3382-И ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Утвердить устав Республиканского государственного предприятия
на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства экологии,
геологии и природных ресурсов Республики Казахстан в прилагаемой
редакции.
2. Предприятию в установленном законодательством порядке
осуществить государственную регистрацию устава в некоммерческом
акционерном обществе «Государственная корпорация «Правительство для
граждан».
3. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Председатель

Б. Ташенев



001244

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мұлік және
жекешелендіру комитеті
Төрағасының
2021 жылғы «25»
байланыс № 662
бүйірығымен бекітілді



Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің
«Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазгидромет» және «Қазавиамет» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы № 185 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 425 қаулысына сәйкес Кәсіпорын мынадай еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды қосу жолымен қайта ұйымдастырылды:

1) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

2) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

4) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Шығыс Қазақстан гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

5) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

6) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

7) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

- 8) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 9) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Маңғыстау гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 10) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Павлодар гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 11) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 12) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 13) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Оңтүстік Қазақстан гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 14) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы гидрометеорология орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 15) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Астана қаласының гидрометеорологиялық мониторинг орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;
- 16) «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы қаласының гидрометеорологиялық мониторинг орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны.
- Кәсіпорын табыстау актілеріне сәйкес берілген көрсетілген еншілес кәсіпорындардың барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.
- «Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 1413 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары

министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері» № 994 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы №17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік респубикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – «Қазгидромет» РМК;

орыс тілінде – РГП «Казгидромет».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 11/1.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдақ мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардың қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтten бастап жасалынған деп есептеледі.

12. Кәсіпорын жұмылдыру дайындығын, Кәсіпорында азаматтық қорғанысты үйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ақпарат береді және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес төтенше жағдайлардағы қызметтің жүзеге асыра отырып табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің құрамына кіреді.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Кәсіпорын қызметінің мәні жалпы мемлекеттік және халықаралық маңызы бар, арнайы мақсаттағы қызметтерді көрсетуді және мамандандырылған ақпаратты дайындауды қамтитын мемлекеттік бақылау желісін пайдалана отырып метеорологиялық және гидрологиялық мониторингті және қоршаған орта жай-күйінің мониторингін жүргізу болып табылады.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты дұрыс гидрометеорологиялық ақпарат алу, гидрометеорологиялық және агрометеорологиялық болжамдар мен қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттың сапасын арттыру, мемлекеттік бақылау желісінде жүйелі байқаулар жүргізу кезінде алынған деректерді жинау және қорыту болып табылады.

15. Кәсіпорын қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) метеорологиялық мониторинг саласындағы жалпылттық және халықаралық маңызы бар қызметтер:

- жерге жақын метеорологиялық, актинометриялық, агрометеорологиялық, аэрологиялық, радиолокациялық, озонометриялық бақылаулар, алынған метеорологиялық деректерді жинау, өндөу, сақтау, талдау және дауылдық метеорологиялық ақпаратты, метеорологиялық және агрометеорологиялық болжамдарды, анықтамалықтарды, бюллетенъдерді,

анықтама-консультацияларды, режимдік ақпаратты және басқа метеорологиялық ақпаратты қамтитын жалпы мақсаттағы метеорологиялық ақпаратты дайындау, сондай-ақ белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарды, өзге үйымдар мен жеке тұлғаларды осы ақпаратпен қамтамасыз ету;

- мемлекеттік климаттық кадастры және мемлекеттік гидрометеорологиялық қорды жүргізу;

- халықаралық алмасу үшін метеорологиялық ақпаратты ұсыну;
- климаттың, оның ішінде оның өзгеруінің мониторингі.

2) гидрологиялық мониторинг саласындағы жалпыұлттық және халықаралық маңызы бар қызметтер:

- өзендерде, көлдерде (теңіздерде), су қоймаларындағы, арналардағы және өзге де жерусті су объектілеріндегі бақылаулар, алынған гидрологиялық деректерді жинау, өндеу, талдау және гидрологиялық қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді болжамдарды, оның ішінде алдын ала бес-жеті тәулікке дейін және көктемгі кезенде әрбір үш күн сайын нақтылау мүмкіндігімен дайындау және қауіпті және дүлей гидрологиялық құбылыстардың туындау мүмкіндігі мен фактісі туралы дауылды ескертулер беру;

- анықтамалықтарды, бюллетеньдерді, анықтама-консультацияларды қамтитын жалпы мақсаттағы гидрологиялық ақпаратты дайындау, сондай-ақ мемлекеттік органдарды, өзге де үйымдар мен жеке тұлғаларды белгіленген тәртіппен осы ақпаратпен қамтамасыз ету;

- гидрологиялық мониторинг нәтижелері негізінде «Жерусті сularы» бөлімі бойынша мемлекеттік су кадастрын жүргізу үшін деректер дайындау;

- белгіленген тәртіппен халықаралық алмасу үшін гидрологиялық ақпарат беру.

3) Коршаған орта жай-күйінің мониторингі саласындағы жалпыұлттық және халықаралық маңызы бар қызметтер:

- коршаған ортаны қорғау объектілерінің ластану жай-күйі туралы деректерді бақылау, жинау, өндеу, талдау, бюллетеньдер мен анықтамалық ақпаратты қамтитын қоршаған ортаның ластану жай-күйі туралы жалпы мақсаттағы ақпаратты дайындау, сондай-ақ мемлекеттік органдарды, өзге де үйымдар мен жеке тұлғаларды белгіленген тәртіппен осы ақпаратпен қамтамасыз ету;

- атмосфералық ауаның ластану мониторингі – селитебті аумақтардағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау жүйесі;

- атмосфералық жауын-шашынның ластану мониторингі – селитебті аумақтардағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысының химиялық құрамын бақылау жүйесі;

- судың ластану мониторингі – жағалау аймақтарындағы жерусті сularының ластануын бақылау жүйесі;

- топырактың ластану мониторингі – селитебті аумақтар топырағында ластаушы заттардың шоғырлануын бақылау жүйесі;

- радиациялық мониторинг – селитебті аумақтарда техногендік және табиғи радиоактивті ластануды бақылау жүйесі;
- трансшекаралық ластану мониторингі – шекаралас мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастық шенберінде трансшекаралық жерүсті суларының және трансшекаралық өзендердің жағалаудағы топырақтарының ластануы бойынша жүргізілетін бақылаулар жүйесі;
- фондық мониторинг – қоршаған ортаны кешенді фондық бақылауға арналған станциялардың мамандандырылған желісін қолдана отырып, олардың биосферамен өзара әрекеттесуіндегі атмосфераның және басқа қоршаған ортаның жағдайын бақылау жүйесі;
- белгіленген тәртіппен халықаралық алмасу үшін қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпарат беру.

16. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның бас директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тaraу. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;
- 2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты респубикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады.
- 3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіtedі;
- 4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;
- 5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;
- 6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланылмайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстau және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғага бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуі жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заннамасымен оның құзыретіне жатқызылған өкілдіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндепті көлемдерін айқындаиды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осында қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорынның бас директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорынның бас директорының, оның орынбасарлары мен бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорынның бас директорының ұсынымы бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның бас директоры оның органы болып табылады.

21. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның бас директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

22. Кәсіпорынның бас директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (бұдан әрі – Зан) және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін осы Заңмен және Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Бас директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеген шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

12) мыналарға:

- қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сакталуы үшін;

- таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

- Кәсіпорының даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін жеке жауаптылықта болады.

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мұлкі

25. Кәсіпорынның мұлкін Кәсіпорынның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

26. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

27. Кәсіпорынның мұлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мұліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

28. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

29. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Шаруашылық жүргізудегі мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының меншік құқығын алуға арналған заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

31. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі мұлікті Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мұлікке шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мұлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

32. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

33. Кәсіпорынның мұлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Заңның 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

34. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ұсынуы бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы;

Кәсіпорын дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға, қарыз беруге құқылы.

35. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

36. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 34 және 35-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6-тарау. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

37. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

38. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

39. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

40. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

41. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 5 057 686 793,80 (бес миллиард елу жеті миллион алты жүз сексен алты мың жеті жүз тоқсан уш) теңге 80 тыынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезінде толық қалыптастыруы тиіс.

8-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

42. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

43. Мемлекет немесе тиісті саланың уәкілетті органы уәкілеттік берген құрылтайшының әрекеті салдарынан туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда, мемлекет Кәсіпорынның міндеттемелері үшін жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет егер Кәсіпорынның қаражаты несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

9-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

44. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заннамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорынның бас директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

46. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

47. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

48. Кәсіпорын бас директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлыққы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

49. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

50. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

51. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісім бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

53. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

54. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, Республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

55. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органның ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Бас директор

Д.К. Алимбаева

УТВЕРЖДЕН

приказом Председателя

Комитета государственного имущества
и приватизации

Министерства финансов

Республики Казахстан

15 июня 2021 года
№ 662



УСТАВ

Республиканского государственного предприятия на праве
хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства экологии, геологии
и природных ресурсов Республики Казахстан

город Нур-Султан, 2021 год

Глава 1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 марта 1999 года № 185 «О создании Республиканских государственных предприятий «Казгидромет» и «Казавиамет».

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 апреля 2012 года № 425 «О реорганизации Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства охраны окружающей Республики Казахстан» Предприятие реорганизовано путем присоединения следующих дочерних государственных предприятий:

1) Дочернего государственного предприятия «Акмолинский центр гидрометеорологии Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казгидромет» Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан»;

